

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КРЕАТИВТІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ ДАМУДАҒЫ ӘДІСТЕРІ

Сапидоллаева Гүлнұр Ермекқызы

«Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы» білім бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, п.ғ.к., профессор – Туленова Ұ.Т.

Қазіргі кезеңде оқу жүйесіндегі негізгі мақсат - жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, іскер, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі жоғары, заманауи қабілеттерді (креативтілік, сыни ойлау) бойына қалыптастырған жанды тәрбиелеу. Бұрынғы кейбір мамандық иелерінің орнын технологиялар басып жатқанына да, жасанды интеллекттің эссесі мен небір суреттеріне де куәміз. Десек те, роботта бола алмайтын, адам баласына ғана тән бірден - бір қасиет *ойлау*. Әсіресе, креативті ойлау әрбір салаға, тұлғаға қажет дағды. Оны дамыта отырып оқушылардың бүгінгі білім саласында өзекті болып отырған функционалдық сауаттылық деңгейін де арттыруға болады. Жапондық менеджмент үлгісі мектеп жасынан бастап оқушыларда шығармашылық дағдыларды дамытуға және солар әлемдік көшбасшылар болады деген пікірлер қалыптастыруға тәрбиелейді, сондықтан да өткен ғасырдың 70 жылдары жапондықтар сапаны басқару бойынша басқа елдердің алдына шыққан болатын. Әлемдегі озық елдің өзі оқушылардың креативтілік қабілеттерін дамытуға көңіл бөліп, білім сапасымен қоса, ғылым мен өмір сүру сапасын да жақсартып отыр. Соған сай еліміздің де бәсекеге қабілетті ұрпақтарын тәрбиелеуде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын креативтілік қабілетін дамыту арқылы арттыру өзекті мәселе. Бастауыш сынып мұғалімінің міндеті – қазіргі заман талабына сай оқушының функционалдық сауаттылығын дамытумен қатар, оның бойында бар креативтілікті қолдануға мүмкіндік беру немесе креативтілігі төмен оқушылардың бойына бұл қабілетті қалыптастыру. Мақалада оқушылардың креативтілік қабілетін диагностикалау әдістері мен оны сабақ процесінде дамытудың жолдарын жаздым.

Креативтілік (лат. creatio - жасау) – қағидаттық жаңа идеялар беру қабілеттілігімен сипатталатын, сондай-ақ тәуелсіз фактор ретінде дарындылық құрылымына кіретін, жеке адамның шығармашылық қабілеті [1, 176]

Ф.Баррон мен Д.Харрингтон 1970 жылдан 1980 жылдарға дейінгі креативтілік саласындағы зерттеулер қорытындыларын шығара отырып, креативтілік туралы мәліметтерді жинақтаған еді:

1. Креативтілік – өмірдегі жаңаны сезінуге мүмкіндік беретін қабілет; үйреншікті емес идеялар шығару, мәселені тез шешу қабілеті.

2. Креативті өнімдер табиғаты бойынша өте алуан: математикадағы мәселелердің жаңа шешімі, ән шығару, сурет салу немесе поэма шығару, жаңа философиялық немесе діни жүйелер, заңтанудағы жаңа енгізілімдер, әлеуметтік мәселелердің жаңа шешімдері және т.б. сол сияқтылардың болуы мүмкін [1, 186].

«Креативтілік абстрактілі (идеалдық) ұғым, өйткені оның болуы міндетті түрде материалдық іске асыруды көздемейді» деген пікірлер де бар. Себебі, идея – материалдық емес өнім ретінде, белгілі бір себептер бойынша одан ары дамуға ие болмай, жоғалуы да ғажап емес. Бастауыш сыныпта белгілі бір сабақ тақырыбына байланысты немесе сынып сағаттарын

өзгеше өткізу мақсатында оқушылардың да идеясын тыңдап, оны бірлікте жүзеге асыруға болады. Бұл балаларда көшбасшылық қабілетті де қалыптастырады, идея шығарып, оны жасауға болатынына кіші жасынан бастап дағдыланады. Көптеген идеялардың ішінен дамуға ие болатын идеяларды сұрыптап, оны жүзеге асыру үшін сыни ойлау қабілеті де керек. Демек, бұл жерден алда қозғалатын сыни ойлау мен креативті ойлаудың бір-бірімен байланысты екеніне көз жеткіземіз.

Кейбір зерттеулер мен құбылыстарға сүйене отырып, креативтілік адамға тумасынан берілген ерекшелік болатынын да жоққа шығармаймыз. Соның арқасында ол өзін көрсетеді және бірқатар жетістіктерге жетеді. Бастауыш сынып оқушыларының да арасында креативтілік қабілеті бар оқушылар белгілі бір шығармашылық шараларда немесе сабақ процесінде көзге түсіп жатады. Креативтіліктің өмірдегі тәжірибелер мен объективті, субъективті факторлардың жиынының әсерінен өмір бойы дамиды немесе түрліше формаға ие болатынын да жоққа шығармаймыз. *Оның дамуына әсерін тигізетін басты факторлардың бірі – сыртқы орта. Креативтілікті тумысынан және жүре бара иеленген деп екіге бөлуге болады.* Бұл жерде өзекті креативтілікті қалыптастырудың заңдылықтарын, табиғатынан берілген талаптанушыларды дамытуды анықтау мәселесі пайда болады.

Зерттеуші Э. де Боно креативтіліктің табиғи талант емес, үйренуге болатын дағды екенін атап көрсетеді. Креативтілікке жету үшін, ескішілдік, сақтанымпаз тұжырымдар мен ережелерге қарсы әрекет көрсету керек» дейді. «Өйткені сүрлеу салынған жолмен қозғала отырып, біздің ойлауымыз одан тыс орналасқан жасырын мүмкіндіктерді естен шығарып алады» [1.18].

Креативтілік және шығармашылық ойлау деңгейін анықтауға арналған диагностикалық тесттер:

1. «Шығармашылық ойлау сынағы (ТСТ-DP)»: Бұл тестті Линда Сильвия мен Джеймс Каран әзірледі және тест олардың «Дивергентті ойлау тапсырмаларымен шығармашылықты бағалау: жаңа субъективті бағалаудың сенімділігі мен жарамдылығын зерттеу» жұмысында ұсынылған. Бұл тест тапсырмаларға шығармашылық жауаптардың әртүрлі аспектілерін бағалау арқылы шығармашылық ойлауды және креативтілікті бағалау құралы болып табылады.

2. «Гильфордтың шығармашылық ойлау сынағы (ТТСТ)»: Бұл тестті Эллис Пол Торренс және оның әріптестері әзірлеген. Эллис Торренс креативтілікті зерттеуге елеулі үлес қосқан және оны өлшеуге арналған бірнеше сынақтарды жасаған әйгілі американдық психолог болған.

3. «Іс-әрекеттегі шығармашылық (CIA) креативті ойлау сынағы»: бұл тестті Рене Маргерам және оның әріптестері бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін зерттеу бөлігі ретінде әзірлеген. Рене Марджерам – балалардың шығармашылығын дамыту саласындағы танымал маман.

Осы аталған тесттердің өзі бірқатар талдаулар мен зерттеулерді қажет етеді. Бірақ біз олардың ішінен Эллис Пол Торренстің тестіне кеңінен тоқталып өтейік. Торренстің пікірі бойынша, креативтілік (латын тілінен аударғанда creatio – жасау) – тапсырмаларға, тапшылықтарға және білімдегі мәселелерге, әртүрлі ақпаратты біріктіруге ұмтылу. Э.Торренс *ауызша, көрнекі және дыбыстық болып топтастырылған 12 тестті әзірледі.*

Торренстің ересектер мен мектеп оқушыларына және 5 жастағы балаларға арналған 3 бөлімнен тұратын фигуралық тестін ағылшын тілінен қазақ тіліне аударып, сараладым. Осы кезекте диагностика тапсырмасы мен нәтижені бағалау шарттарын қысқаша келтіріп өтейік.

1-субтест. «Сурет салу».

Нұсқаулық: Суретті салыңыз, ал суреттің негізі ретінде түрлі-түсті сопақ пішінді алыңыз. Кескіннің түсін өзіңіз таңдайсыз. Ынталандырушы фигура кәдімгі тауық жұмыртқасының пішіні мен өлшеміне ие. Сондай-ақ, суретіңізге атау беру керек. Тапсырманы орындау уақыты шектелмейді, өйткені шығармашылық процесс шығармашылық қызметтің уақытша компонентін еркін ұйымдастыруды қамтиды.

2-субтест. «Суретті аяқтау» тапсырмасы. Берілген сурет бөліктерін аяқтаңыз және олардың әрбіреуіне ат қойыңыз.

3-субтест. «Қайталанатын сызықтар».

Ынталандыру материалы — 30 жұп параллель тік сызықтар. Әр сызық жұбының негізінде қандай да бір қайталанбайтын сурет салу керек.

Торренс тестінің кілті.

Бүкіл тест нәтижелерін өңдеу бес көрсеткішті бағалауды қамтиды: «еркін сөйлеу», «өзіндік ерекшелік», «даму», «жабылуға төзімділік» және «абстрактілі атаулар». «Еркін сөйлеу» — адамның шығармашылық өнімділігін сипаттайды. Ол ережелерге сәйкес тек 2 және 3 субтесттерде бағаланады. "Өзіндік ерекшелік" - шығармашылықтың ең маңызды көрсеткіші. Өзіндік дәрежесі тестіленушінің шығармашылық ойлауының ерекшелігін, бірегейлігін көрсетеді. «Түпнұсқалық» көрсеткіші Ережеге сәйкес барлық үш субтест бойынша есептеледі. «Атаудың абстрактілі» — негізгі нәрсені бөліп көрсету қабілетін, синтез бен жалпылама ойлау процестерімен байланысты мәселенің мәнін түсіну қабілетін білдіреді. Бұл көрсеткіш 1 және 2 субтесттерде есептеледі. Бағалау 0-ден 3-ке дейінгі шкала бойынша жүреді. «Жабылуға төзімділік» — «ұзақ уақыт бойы жаңалыққа және идеялардың алуан түрлілігіне ашық болу, ойлау серпілісін жасау және түпнұсқа идеяны құру үшін түпкілікті шешім қабылдауды кейінге қалдыру» мүмкіндігін көрсетеді. Тек 2-субтестте есептеледі. 0-ден 2 баллға дейінгі балл. «Даму» — ойлап тапқан идеяларды егжей-тегжейлі әзірлеу қабілетін көрсетеді. Барлық үш субтестте бағаланады. Барлық бес факторды («еркін сөйлеу», «өзіндік ерекшелік», «атаудың абстрактілігі», «тұйықталуға қарсылық» және «даму») бағалау кезінде алынған ұпайларды қосыңыз және осы соманы беске бөліңіз. Шыққан сома Торренс тестінің нәтижесі болып есептеледі. Тест нәтижесіне сай креативтілік деңгейі:\

- 30-төмен
- 30-34-нормадан төмен
- 35-39-нормадан сәл төмен
- 40-60-норма
- 61-65-нормадан сәл жоғары 66-70-нормадан жоғары
- >70-тамаша [2]

«Бастауыш педагогикасы» оқулығының негізінде, «оқу мазмұнының маңызды бірліктер тобының бірі – *шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі*». Бұл ойлаудың және оқу іс-әрекеттерінің жалпы тәсілдер жүйесі, қоршаған болмысқа бағытталған эмоционалдық, еріктік, адамгершілік, эстетикалық қатынастар тәжірибесі. Осыларды игере отырып, оқушы - 1) өткенде игерілген білімдер мен ептіліктерді жаңа салаларға, жаңа жағдайларға тасымалдайды, ауыстыра қолданады; 2) бұрын белгілі тәсілдерді бір қорытындыға келтіреді; 3) проблемді тапсырмаларды түсінумен олардың шешілу жолдарын табуға үйренеді. Ескеретін жағдай, мазмұнның бұл шығармашылықпен байланысты элементі бастауыш мектепте толық қолданыла бермейтіні бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі деп есептейміз. Бұл сынды оқу мәселелері бастауыш сыныптың 3-4 сыныбында ғана қолданысқа енуі мүмкін, ал игерілген білімдерді жаңа жағдайларда қолдана білуге балаларды оқудағы алғашқы қадамнан, яғни 1-сыныптан бастап үйрете бастау керек. Мұғалімдердің сабақ уақытында балалардың үйреніп, игерген материалдарын талқылап, оларға болған көзқарастарын сұрастыруға уақыты сәйкес келмеуі мүмкін. Десек те, бұл мақаланың мақсаты - сабақ процесінде оқушылардың сыни ойлауы мен креативін дамытатын тапсырмаларды қосуға қолайлы әдістерді ұсыну.

Э де Бононың «латеральды ойлау» термині негізінде кіші сынып оқушыларының креативтілігі мен шығармашылығын дамытуға ұсынылатын әдістер мен тапсырмалар:

Э. Де Боно стандартты емес креативті ойлауды белгілеу үшін 1967 жылы «латеральдық ойлау» терминін қолданды және қазіргі уақытта осы термин сөздіктерде және энциклопедияларда, оның ішінде ағылшын тіліндегі Оксфорд сөздігінде ресми танылған. Латеральдық ойлаудың арқасында адам заттар мен оқиғаларға нақты жаңа ұсыныстар, дәстүрлі емес көзқарастар енгізеді. Ол кертартпа, дәстүрлі ойлауға қарсы, тәуекелге баруға

итермелейді. Латеральдық ойлау үшін 1) оптимист болу; ә) өмір бойы жинақталған ойлаудың таптаурындылығы мен мінез-құлық үлгілерін өзгертуге қабілетті болу қажет.[3].

Бұл ойлау әсерінің қағидаты қабылдаудың асимметриялығына негізделеді, адам таптаурын сүрлеуден бас тартады.

Латеральдық ойлауды жүзеге асыру үшін Э. де Боно «бойынша» тұжырымдамасын енгізді, бұл нысанды үйреншікті пайымдардың (пікірлердің) басқа қыры бойынша қарастыру дегенді білдіреді. Осы тәсілдің арқасында дүниені танудың жаңа сызбанұсқасына көшуге болады. *Айталық, автомобильдің төртбұрышты дөңгелектері, гамбургердің төртбұрышты пішіні және т.б. туралы стандартсыз идеялар.* Латеральды ойлау терминіне анықтама бере келе, сабақ процесінде оқушылардың креативтілігі мен шығармашылық ойлауын дамыту мақсатында осындай әдістер мен тапсырмаларды қолдануды ұсынамыз:

1) Қарапайым сұрақтарға стандартты жауап берудің орнына жаңа нұсқаларды қарастыру. Мысалы, *"Стаканды не үшін қолданасыз?"* деген сұрақты алайық. Әрине, бұл қарапайым сұрақты бастауыш сынып оқушыларына қойсақ, олар жауап бере алады. Ал, енді оларға осы затты қолданудың 10 нұсқасын жазуға/айтуға талап қойсақ ше? Стаканмен су ішіп қана қоймай, оны ойнауға, қаламдарды салып қою немесе оған сурет салу мақсатында қолдануға болады. Осы секілді көптеген ұсыныстарды оқушылардан естіп, олардың еркін ойлауына және шаблонды ойдан аулақ болуына мүмкіндік бере аламыз.

2) Бастауыш сыныптағы көркем эстетикалық пәндерде көбіне ақ параққа сурет салу, қағаз бен желімнен оригами жасау секілді стандартты тапсырмалар орындалады. Суретті қағаздан басқа заттарға салуды ойластырсақ ше?

- Мәселен, партаға үстелдерді көтеріп, олардың аяқтарын целофанмен тегістеп орау. Гуашь немесе субояумен целофанға сурет салуға болады. Бұл әдісті кейбір мұғалімдердің өз сабағында қолданғанын көрдік және мұның да негізінде латеральды ойлау жатқанын байқаймыз.

- Парақты файлға салып, оның бетіне өсімдік майын жағуға болады. Содан кейін субояуларды қылқаламның орнына шприцпен алып, файлға тамызу. Файл беті майланғандықтан, бояу ақпай, тамшы формасында бейнеленеді. Оның үстіне басқа түс тамызып, түстердің өзгерісін бақылауға болады. Бұл оқушыларға өзгеше эмоция сыйлайды және жаңа түстер шығаруға, шығармашылық күйге еруге мүмкіндік береді.

- Математика пәнінен 1-сыныптан бастап "пішіндер" тақырыбы өтіледі. Сол мезетте балаға пішінді атап, оны қолмен ұстатып қана қоймай креативтілігін дамыту мақсатында осындай тапсырма беруге болады: Кескіндерден креативті сурет шығару. \ Біріңғай бірдей пішіндерді орналастырып (шеңбер, үшбұрын), олардан бір-біріне ұқсамайтын суреттер шығару. Бала қиялы еркін әрі шексіз деп есептер едім. Бұл тапсырманы уақыт шектеуімен де орындатып, ұшқыр ой жылдамдығын, яғни оқушының бір минутта неше пішіннен сурет шығара алғанын байқауға болады. Ең қызығы, тапсырманы 1-сынып оқушысынан бастап ересек адамдарға да шығармашылық ойлауын дамыту үшін қолдана алады. Бұл жоғарыда талданған Торренс тестінің тапсырмасына ұқсас келеді. Қарапайым шеңберден оқушылар күн, сағат, адамның басын немесе мүлде күтпеген бейнелерді салып жатқанына куә болдым. Бұл өз кезегінде оқушыларда мидың оң жақ бөлігін дамытады.

Адам миының сол жақ бөлігі оқу, есеп шығару, логикалық есептерді шығарғанда жұмыс істесе, сол жақ миы шығармашылық тапсырмаларды жасағанда іске қосылады. *Демек, шығармашылыққа бағытталған тапсырмаларды сабақ барысында орындату арқылы оқушылардың екі жақ ми бөлігін де жаттықтыруына мүмкіндік жасаймыз. Бұл өз кезегінде, оқушылардың зияткерлік қабілеті мен есте сақтауын дамытуға көмектеседі.*

Бастауыш сынып оқушыларының креативтілік қабілеттері арқылы функционалдық сауаттылығын да арттырудың жолдарын жүзеге асыруға болады. Мектеп оқушыларының *функционалдық сауаттылығы* дегеніміз – оқушының пәнді не тақырыпты терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Жеке тұлғаның оқу, түсіну, қарапайым қысқа мәтіндерді құрастыру және қарапайым арифметикалық амалдарды орындау қабілеттері жататын базалық

сауаттылықтан айырмашылығы, функционалдық сауаттылық - бұл тұлғаның әлеуметтік жүйеде қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін білім, білік және дағды деңгейі. Нақтырақ айтқанда, тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білуі функционалдық сауаттылықтың басты негізі. Осубельдің зерттеулерін қарастырып көрелік. Осубель оқытудың механикалық (жаттау арқылы) және жаңалық аша отырып оқыту түрлері бар дей отырып, мектептегі білім мазмұнының басым бөлігі механикалық оқытуға жатады, себебі онда жаттайтын дүниелер көп болғандықтан, оқушылардың жаңалық ашуға мүлде уақыты жоқ деп жазған еді [5, 283 б].

Мысалы, бастауыш сыныпта математикада қосу, азайту, көбейту секілді жалпы концептілерден аудан есептеу, теңдеу шешу сияқты нақты есептеулерге көшеміз. Мұғалім сабақты материалдың иерархиялық құрылымына сүйене отырып түсіндірсе, оқушыларды білімді игеруге қол жеткізе алады. Сол үшін сабақ барысында ашық сұрақтар мен тапсырмаларды қолдана отырып, оқушының берілген материалды жаңаша қайта құруына түрткі болатын мүмкіндік жасау керек. Солай оқушының креативті ойлау дағдысын пайдалану арқылы функционалды сауаттылықтың негізгі бөліміне жататын математикалық сауаттылығын арттыра аламыз.

Білім жүйесіндегі маңызды өзгерістердің бірі - оқу мақсатының зияткер тұлға тәрбиелеуден рефлексиялы тұлға тәрбиелеуге көшуіне ауысуы. Иә, бүгінгі заманның тұлғасына тек білімді болу жеткіліксіз. Білім беру жүйесінің басты мақсаты осындай рефлексиялық қасиеттері бар тұлға қалыптастыруға мейлінше тиімді жағдайлар жасау:

- Өзінің мүмкіншіліктері мен қабілеттерін жүзеге асырып, өркендей білетін;
- Өзіне өзі есеп беріп, ойлары мен әрекеттерін талдай алатын [5.9].

Білім жүйесіндегі өзгерістердің өзі оқу мазмұнын заманауи талаптарға сай өзгертуді талап етіп отыр. Бастауыш сынып оқушысының креативтілік қабілетін дамыту арқылы рефлексиялы тұлға қалыптастыра аламыз деп есептеймін.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын олардың креативті қабілеттері арқылы арттыру үшін оқытуда *интербелсенді әдістерді* де қолдана аламыз. Білім беру философиясы да, танымдық психология да адамның өз қолымен жасағанын есте сақтайтындығын алға тартқан. Сол үшін қазіргі кезде әрекеттік педагогика кең танылған оқу жүйелерінің біріне жатады. Интербелсенді оқу мен оқыту білім беру процесінде мұғалім мен оқушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Бұл әдістер «үйретуші, үйренуші», «үйренуші, үйренуші», «үйренуші, өзі» форматтарында жасалған қарым-қатынасты құрайды. Интербелсенді үйренуде терең ойлау, ақпаратты таразылап, ішінен керектісін таңдап алу, өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру секілді дағдылар қолданылатындықтан, оның оқушылардың креативті қабілеті арқылы функционалды сауаттылығын жүзеге асыруда маңызды екенін алға тартамыз.

Креативтілікті дамыту арқылы оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған әдістер:

- Кітапша жасау. Оқушылар тек қана бір ақ парақтан мұғалімнің бағдарын орындау арқылы шағын кітапша жасай алады. Кітапша жасаудың жолы ғаламтордан қарауға болады. Бұл жердегі басты ұсынатынымыз:

1. Кітапшаға өз ертегілерін сюжеттердің суреттерін сала отырып жазуға болады. Бұл бастауыш сынып оқушысының қиялын дамытады және ойын жүйелеуге, болашақта эссе, шығарма жазуға шыңдайды. Бұл ретте әйгілі ғалым Альберт Эйнштейннің *«Ой-қиялға беріліп, көз алдыға елестету білімнен маңыздырақ»* деген сөзін алға тартамыз.

2. Кітапшаға өтілген тақырып мазмұнын жазуды және сол бойынша сабақ айтуды тапсыруға болады. Бұл тапсырма арқылы оқушыларды үй жұмысына өзгеше форматта дайындалуға үйрете аламыз.

- «Ертегіні өзгертеміз» әдістемесі ертегілердегі үйреншікті оқиға желісінің дамуын, басты кейіпкерлерді ауыстыра отырып, ертегінің карама-қарсы оқиға желілері мен кейіпкерлері етіп өзгертуді ұсынады. Бұл ойлаудың икемділігін дамытады, әдеби қабілеттерді анықтайды, тұрақтанған бірсарындылықтардан арыла білуді қалыптастырады.

- Таңба(герб) жаса! Оқушылар параққа он пішіннен біріккен фигураны сызып, ішіндегі бөліктерге оқылған мәтін туралы осындай ақпараттарды жазады:

- Мәтіннің атын жазыңыз;
- Мәтіннің не туралы екенін жазыңыз
- Мәтіндегі сүйікті кейіпкерді жазыңыз немесе суретін салыңыз;
- Мәтіндегі есіңізде қалған кез келген заттың суретін салыңыз(дала, алма, диван, ыдыс, т.б.)
- Мәтіндегі оқиға орын алған жердің суретін салыңыз;
- Мәтіндегі ұнамаған кейіпкердің суретін салыңыз;
- Мәтін қандай жақсы қасиетті немесе ақпаратты берді? Бір сөз жазыңыз.
- Мәтін туралы үш сын есім жазыңыз;
- Мәтіндегі басты үш етістікті жазыңыз;
- Мәтіннен кілт сөздерді табыңыз.\

- Имитациялық ойындар. Бұл дегеніміз адамның қалыптан тыс жағдайлардағы әрекеттерін анықтайтын өмір сүру ортасының моделін құру. Имитациялық ойындарда оқушылар жаңа ортаға бейімделу дағдыларын қалыптастырады. Мәселен «Робинзонның» орнында болсаң, аралда қалай өмір сүрер едің деген секілді ситуациялық оқиғаларды ойластырады.

- Көршімнің суреті. Оқушылар мәтінді оқып болғасын, сол мәтіндегі кез келген сюжеттің суретін немесе сызбасын салады. Сосын жанындағы парталасымен суретін алмасады. Олар суретке қарап, мәтіннің сол бөлігін баяндап беруі керек.

- Антиципация әдісі. Мәтіндегі кейбір сөздер алынып тасталады. Оқушылар мәтінді оқу барысында мағынасына сай түсіп қалған сөздерді табуы керек. Бұл оқушылардың мәтінді жылдам әрі сапалы түсінуіне мүмкіндік жасайды.

Математиканың жалпы адамзаттық мәдениет пен білімдегі орны мен рөлінің өзгеруі, барлық ғылымдар саласында қарқынды енуі бастауыш сатыдағы математика пәнінің, мазмұнына да шешуші әсер етуде. *Математикалық операцияларға байланысты баланың 10 жастағы түсінігі математиканы болашақта қалай меңгеретінінен хабар береді екен.[4]* Демек, оқушыларды бастауыш сыныптан математиканың қызықты да сиқырлы әлеміне саяхаттату мұғалімнің міндеті. Ол үшін оқушылар бұл сабақта да өзінің креативті қабілетін пайдалана алатындай және математикалық ұғымдарды өмірінде қалай қолдану керектігін түсінетіндей жағдай жасалынуы тиіс.

- Судоку. Судоку – сандық басқатырғыш, ойын түрі. Ең қарапайым және кең таралған түрі 9×9 тордан тұрады. Логикамен қатар шығармашылық ойлау қабілетін дамытатын бұл ойынның мақсаты – барлық квадраттарды әр жолға, бағанға және тоғыз 3×3 қосалқы торға дәл бір рет қолданып, 1-9 аралығындағы сандарды толтыру. Судоку көпшілікке танымал ойын болғанымен, бастауыш сынып оқушыларына қолданыла бермейді. Алайда, судоку негізіндегі тапсырмаларды 1-сыныптан 4-сыныпқа дейінгі оқушыларға жеңілден күрделіге принципіне сәйкес ұсынуға болады.

- Оллертон (2003) белсенді қоғамдық оқытуды дамытуға арналған «адамдар математикасы» жаттығу үлгілерін ұсынады. Мысалы, сыныпты шеңберге тұрғызып, әр балаға құпия ретінде сақтайтын нөмір беріледі. Содан кейін мұғалім балаларға «бестен жоғары, оннан төмен саны барлар орын ауыстырсын» немесе «барлық жай саны барлар орын ауыстырсын» деген сияқты нұсқаулар береді.

- Математикалық квест ұйымдастыру. Оқушыларды топтарға бөліп сынып ішінде математикалық есептерді шешіп, сол шешімдер арқылы белгілі сыйлықтың қайда жасырынғанын табуға мүмкіндік жасау. Бүгінгі заман талабы білім берудің бірқалыпты партада ғана отырып, сабақ оқумен шектелмеуін талап етеді. Әр мұғалім осы идеяны өз шеберлігіне сай қолданса, оқушылардың бойында ұжымдық, көшбасшылық және шығармашылық қабілеттерді дамыта алады деп есептейміз.

- Өткен жылы бақылау практикасына барған сыныбымның (2-сынып) көбейту кестесімен танысып, оны жаттап бастап жатқанын бақыладым. Бақылай келе, олардың кестені түсініп және қызығып жаттауына жағдай жасағым келді. Солай, көпшілікке белгілі «монополия» ойыны негізінде старттан финишке дейінгі жолда көбейту есептерін шығару

арқылы жарысатын ойын шығардым. Ойын қызықты болу үшін жолдарға есептен бөлек, ережелер мен қызықты тапсырмалар (өнер көрсету, билеу) және мүмкіндіктер қосылды. Солай, ойын барысында оқушылардың көбейту кестесін қаншалықты жаттағанына көз жеткіздім және келесі жолы жаттауына сеп болдым. Осы секілді математикалық есептерді өмірдегі ойындармен байланыстыру, ойын арқылы сабақты қайталау оқушылардың ойына сабақ оқудың өзге де тәсілдерін барын көрсетеді. Оқушыларға сабақ байланысты ойын шығаруды тапсыруға да болады. Олар сол ойынды жасау барысында сабақты жақсы меңгереді және жаңа ойын ойлап табу арқылы шығармашылық қабілетін дамытады.

- Оқушыларға қаржылық сауаттылықты үйрету. Олармен рөлдік ойындар ойнау арқылы және ақшаға байланысты түрлі жағдаяттық тапсырмалар беру олардың қызығушылығын арттырады.

Бастауыш сынып мұғалімінің міндеті – баланың бойында бар креативтілікті дамыту, қолдануға мүмкіндік беру және креативтілігі төмен оқушылардың бойына бұл қабілетті қалыптастыру. Бүкіл адамзат ХХІ ғасырдың алғы шебіне, яғни ғылыми-техникалық прогресс пен өркениетті даму дәуіріне бет бұру кезеңінде жаңа қоғамға лайықты өмірден өз орнын табатын жеке тұлғаны қалыптастыру жолында тұлғаның бойында креативтілік қабілеттің де керектігін алға тартамыз. Бастауыш сынып оқушысын миында шектеуі жоқ, ойы мен жүрегі таза және жаңашылдықтан қорықпайтын, танымдық белсенділігі жоғары тұлға деп бағалай отырып, болашақ мұғалім ретінде әрбір баланың бойындағы креативтілік қабілетін өмірде, оқу процесінде тиімді қолдануына мүмкіндік жасауымыз тиіс. «Қиыннан қиыстырып», бірыңғай емес, бірегей идеялары бар адамдар ғана өмір сүруді жеңілдетіп, адамзатқа пайдасын тигізетін техникалар мен жобаларды жасауда. Мұндай әлемге пайда әкелетін, жаңалық ашуға құмар тұлғаларды қалыптастыру бастауыш сыныптан бастап жүзеге асса, еліміздің өркениетінің де дамуы осы болмақ. Сол үшін оқу процесіне жаңалықтар енгізіп, оқушының қиялына шек қоймай, оның да қабілеттерін сабақта қолдануға мүмкіндік беруден қорықпауымыз керек. Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының креативтілік қабілетін дамытудың елімізді білім саласында ғана емес, өзге де салаларында жетістікке жетелейтін ұрпақтардың қалыптасуы жолында маңызды шешім екенін алға тартамын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Креативті менеджмент: Оқу құралы./И.И. Свидрук, Ю.И. Осик – Алматы: «Бастау», 2017. – 360 бет
2. «Тест креативности Торренса. Диагностика творческого мышления - (мақала)
3. Боно Э. Латеральное мышление: Учебник творческого мышления (пер. С англ. Самсонова П. А.) – Минск: Попурри 2005- 384 б
4. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық, 2020. – 600 бет
5. Әлімов А. Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы\ Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 бет